

Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 11/58-VI " Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы төлеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы № 6/40 -VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 қазанда № 6383-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 желтоқсандағы № 11/58-VI " Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы төлеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3915 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазығұрт аудандық мәслихат төрағасы

Т. Калымбетов